№43
(7832)

27 қазан,
Сейсенбі,
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# ОЙЫЛ

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҮНДЕУІ




Құрметті отандастар!

Бүгін мен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойдым. Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы тағайындалады.

Алдағы сайлау **конституциялық мерзімге сәйкес, 2021 жылдың 10 қаңтарында** өтеді. Барлық саяси партиялардың бұл сайлау науқанына қатысуға дайындалуына, сайлау алдындағы платформасын әзірлеуіне, партиялық инфрақұрылымдарды жетілдіруіне уақыты жеткілікті болды.

Орталық сайлау комиссиясы мен Бас прокуратура сайлаудың **заңдылығын, ашықтығын және әділдігін** сақтау үшін тұрақты бақылау жүргізіп отырады.

Жаңа сайлау науқанына дейін **саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту** жөнінде шаралар қабылданды.

*Бірінші.* **«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» заңға түзетулер енгізу арқылы** парламенттік оппозиция институтын құру **мәселесін қарастыратын және оның қызметін регламенттейтін өзгерістер мен толықтырулар жасалды.**

Енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің **бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан** сайланады.

Сонымен қатар, парламенттік оппозиция бір сессия кезінде кемінде бір рет **парламенттік тыңдау өткізу жөнінде бастама көтеру** құқығын иеленеді. Сондай-ақ бір сессия кезінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындайтын болады.

Бұдан бөлек, саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне Парламент палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің пленарлық отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және басқа іс-шараларда **сөз сөйлеуге кепілді құқық** беріледі.

*Екінші.* **«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» заңда қарастырылған ережелер бойынша** парламенттік тәжірибемізде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. **Бұл норма Парламентке және жергілікті өкілді органдарға әйелдер мен жастарды тартудың тиімді жолы ретінде олардың еліміздегі қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысуына септігін тигізеді.**

*Үшінші.* **Алдағы** мәслихаттар сайлауы алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді. **Пропорционалды модель әлемдік демократиялық тәжірибеге толық сай келеді, саяси жүйені нығайтуға, демократияны дамытуға ықпал етеді, саяси партиялардың жұмысын жандандырады.**

Бұл жаңа бастамалар партияларға еліміздің саяси жүйесіндегі ұстанымын нығайту үшін қосымша мүмкіндіктер береді.

* * *

Коронавирус пандемиясы салдарынан туындаған күрделі экономикалық дағдарыс көптеген елді қамтыды, сондай-ақ, бүкіл әлемдік экономикаға кері әсер етті.

Қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның алдында дағдарысқа қарсы тиімді шаралар қабылдау, орнықты экономикалық дамуды және азаматтарымыздың әлеуметтік игілігін қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті тұр.

Осы басымдықтар жөнінде менің Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда айтылды.

Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың жаңартылған құрамы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды сапалы әрі заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге баса мән береді.

Алдағы сайлау еліміздің саяси жүйесін жаңартуды қамтамасыз ететін саяси институттарды дәйекті түрде демократияландыруға және жаңғыртуға Қазақстанның аса ықыласты екенін тағы да бір дәлелдейтін болады.

Біздің ортақ миссиямыз – Қазақстанды өркендету, азаматтарымыздың игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан халқы аса маңызды тарихи сындарлы сәттерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Халқымыз осы жолы да елімізді жан-жақты жаңғырту бағытындағы жаңа тарихи миссиясын лайықты атқарады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында еліміз кемелдене түсіп, дамудың жаңа кезеңіне шығатынымыз анық.

Мемлекетіміздің барлық азаматтарын белсенді азаматтық ұстанымын танытуға, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың алдағы сайлауына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУ - ШЫНАЙЫ ӘҢГІМЕ

**БЕЛГІЛІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ МӘДИ ӘДИҰЛЫ ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫ БОЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНА АТ БАСЫН ТІРЕДІ. МӘДЕНИ ОРТАМЕН ЖҮЗДЕСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.**

Шара барысында алғаш болып сөз алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы алыстан ат арытып келген мейманды өңіріміздегі орталықтармен таныстырып, өрелі еңбек жолымен көпшілікті хабардар етті. Мәди Әдиұлы Әл-Фарабидің еңбектері мен Абай атамыздың 175 жылдығына орай ұйымдастырған шаралардың басы қасында жүріп, оралымды ойларын халыққа дәріптеп жүрген тұлғалардың бірі. Оның айтуынша, қойнауы тарихқа бай, талай дүлділ дарындарды дүниеге әкелген Ойыл өңіріне табан тіреу көптен бері ойға алған армандарының бірі екен. Кездесуде Мәди Әдиұлы өзінің еңбек жолынан сыр шертіп қана қоймай, сазгерлік қырынан да танылды. Әуезді ән шырқап, қара өлеңнің тиегін ағытты. «Алыстан алты жасар бала келсе, Алпыс жасар кәрі алдынан шығар» - деп қазақ тегін айтпаса керек. Қадірлі қонаққа құрмет



көрсетіліп, сый-сияпат табыс етілді. Шара соңында рухани азыққа қаныққан көпшілік Мәди Әдиұлынан қолтаңба алып, естелік суретке түсіп, ризашылықтарын білдірді.

**Венера АСҚАРҚЫЗЫ,**
**Ойыл селосы.**



## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕКТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

**«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ АУДАНДАҒЫ НЫСАНДАРДЫҢ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ҮШІН ҚОЛЖЕТІЛІМДІЛІГІ ТУРАСЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗДІ. БҮГІНДЕ АУДАН БОЙЫНША 430 ӘРТҮРЛІ ТОПТАҒЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ТІРКЕУДЕ ТҰР. ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ ҚОҒАММЕН ЕТЕНЕ АРАЛАСУЫНА ПАРТИЯ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУЛАР КӨРСЕТІЛІП КЕЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ЖИНАЛЫСҚА КЕЛГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ МЕН ТІЛЕКТЕРІ ТЫҢДАЛЫП ШЕШУ ЖОЛДАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ.**



Басқосуда аудандағы белгілі нысандарға ерекше жандардың емін-еркін кіруіне арналған арнайы орындардың орнатылуы, денсаулығына байланысты арнайы құжаттарды үйде отырып алуға, кәсіп ашып мемлекеттен белгіленген мөлшерде қаражат жағынан қамтамасыз етілуі, жұмыспен қамту, баспана мәселесі сынды өзге де маңызды тақырыптар қаралды. Жиналысқа қатысқан ерекше жандар мемлекет тарапынан көріп жатқан қолдауларына ризашылықтарын білдірді. Олардың айтуынша, карантин уақытында да назардан тыс қалдырмай қаржылай көмектерін беріп, әрдайым қоғаммен тең дәрежеде болуымызға ықпал етіп келе жатқан азаматтарға алғыс айтатындықтарын жеткізді. Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Аралбай Жолдыбаев жұмыс сұрай келген тұлғаларға уақытша бос орындар ұсынып, кәсіп ашуға арналған тиімді шарттарды түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, бұған дейін де ерекше жандар мемлекеттен арнайы несиелер алып өз кәсіптерін дөңгелетіп отыр екен. Сондықтан да басқа да тұлғаларға іс бастаймын десе мемлекет тарапынан қолдаулардың болатынын атап өтті.

**Венера АСҚАРҚЫЗЫ,**
**Ойыл селосы.**

САЙЛАУ-2021

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТІ САЙЛАУЫ

2021 жылғы 10 қаңтар

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 85-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалсын.
2. Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2021 жылғы 11 қаңтарға тағайындалсын.
3. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын дайындауды және өткізуді ұйымдастырсын.
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Президенті** **Қ.Тоқаев**

*Нұр-Сұлтан, Ақорда,*
*2020 жылғы 21 қазан*
*№ 439*

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының
кезекті сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабының 14) тармақшасына, 101-бабының 2-тармағына, 103-бабының 7-тармағына, 104-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылғы 10 қаңтарға Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауы тағайындалсын.
2. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсыну мерзімінің аяқталуы 2020 жылғы 4 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін белгіленсін.
3. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу мерзімінің аяқталуы 2020 жылғы 10 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге дейін белгіленсін.
4. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасының сайлау комиссиялары Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етсін
5. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

**Төраға :** **Б. Имашев**
**Хатшы:** **С. Мұстафина**

*Нұр-Сұлтан қаласы,*
*2020 жылғы 21 қазан,*
*№ 29/334*

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі Ойыл сайлау округін аудан аумағының шекараларында құрды.

Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мына мекен-жайда орналасқан: ***Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 69, 315 бөлме, телефон (8-71332) 2-16-10***

Ақтөбе облыстық аумақтық сайлау комиссиясы
Ақтөбе қаласы Әбілхайыр хан даңғылы 40,
«Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты,
факс, телефон (8-7132) 54-15-75, 54-72-11

Күнбаева Гүлнар Нысанқызы-*комиссия төрайымы*
Имашева Галина Жұманқызы -*төрайымның орынбасары*
Шангереев Есет Тайұстарұлы-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Жұмағалиев Нұрлан Нұрымжанұлы
Нұржігіт Шыңғыс Сейдахметұлы
Сопрун Оксана Анатольевна
Оспанова Светлана Мырзамұратқызы

**Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы**
**Ойыл ауылы Көкжар көшесі 69, «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты,**
**факс, телефон (8-71332) 2-16-10**

Бисекенов Берик Тулеуович-*комиссия төрагасы*
Картбаев Серик Сагинович-*тӛраганың орынбасары*
Бақтыгереев Болат-*комиссия хатшысы*
*Комиссия мүшелері*
Жантекова Мөлдір Үмбетқызы
Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы
Назаров Алишер Жусипкалиевич
Саттибаев Конакбай Каримоллаевич

## ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА БОЛУЫ ҮШІН...

**МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ САҚТАЛУЫНА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕҢБЕК, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ З.АБДИЕВА МЕН МАМАНЫ Б.НАҒАШЫБАЕВА МҮГЕДЕК-ТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ ҮШІН ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ 4 НЫСАНҒА ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР ЖҮРГІЗІЛДІ.**



Тексеру нәтижелері бойынша жіберілген кемшіліктерді түзету уақыты көрсетіліп, нұсқаулықтар шығарылды. Сондай-ақ, мекемелердің басшыларына әлеуметтік қорғау туралы заңдар тұрғысынан, сонымен қатар Ковид-19 инфекциясының таралуынан қорғауға бағытталған шараларды тұрақты негізде жүргізу қажеттілігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

# ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН ҚАУІПСІЗ ӨТКІЗЕЙІК !!!

Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі және №18 Өрт сөндіру бекетінің қызмкеткерлерімен бірлесе отырып, жылу беру маусымының алдында арнайы зерттеліп, аудан бойынша әлеуметтік осал топқа жататын 177 тұрғын үй есепке алынды. Оның ішінде 169 үй араланды, 8 үй тұрғылықты мекен-жайын ауыстырғандығы анықталды. Аралау жұмыстары барысында көптеген тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздік ережелері сақталмаған. Бұзушылықтарды айта кететін болсақ:

- 0,5 х 0,7м кем болмайтын пеш алдында метал табақ қағылмаған;
- тұншықтырғыш және табиғи газдың шығуын анықтайтын датчиктер орнатылмаған;
- электр желілері талапқа сай жүргізілмеген;
- пеш плиталары жарық.

Анықталған кемшіліктерді от жағу маусымына дейін жою бойынша тұрғындарға нұсқамалар берілді. От жағу маусымы басталған соң, есепке алынған тұрғын үйлерге қайта тексеріс өткізгенде, тұрғындардың бей-жай қарағандығынан бұзушылықтардың басым бөлігі жойылмағандығы анықталды. Бұл жағдай тұрғын сектордағы өрт оқиғаларына әкеп соғуы мүмкін.

Тұрғындардың өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлақпен қарағандықтан ауданымыз бойынша соңғы 5 жылдықта, тұншықтырғыш газбен (*угарный газ*) уланудың 9 жағдай тіркелді, 14 ересек адам, 15 бала уланды.

Сондықтанда аудан тұрғындарының назарына жылу беру маусымында орындалуы тиіс талаптарын ұсынамыз:

- пеште кептіруге және жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол бермеу;
- пештердің есіктері ақаусыз және құрылымдардан өртке қарсы бөліктері (шегіністері) болуы тиіс;
- жарықтары, саңылаулары бар, ақаулы пештерде от жақпау;
- пеш алдына 500х700 мм, темір қаңылтыр қағу;
- мұржаны күйеден жылыту кезеңі басталар және одан әрі 3 айда 1 рет тазарту;
- бензинмен, керосинмен және басқада тез тұтанатын сұйықтықтармен жағуға болмайды;
- пештің қызып кетуіне жол бермеңіз;
- жанып тұрған пешті қараусыз және балалардың қарауына қалдырмаңыз;
- ұйықтамас бұрын пештегі оттың жанып біткеніне көз жеткізіңіз;
- шатырдағы түтін жолдары өтетін түтін құбырлары мен қабырғаларын әктеу қажет;
- пештен шыққан күл мен қоқысқа су құйылып, арнайы қауіпсіз жерлерге төгілуі тиіс;

Қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағандықтан орны толмас қайғылы оқиғаларға әкеліп соғуы мүмкін, сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

**Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі**

# ЖЫЛҚЫ ЖҮРІСІНІҢ ТҮРЛЕРІ



Қазақ халқы жылқыны жете танып, оны қадір тұтқан. Төрт түліктің төресі санайды. Тұлпарды ердің қанатына теңейді. Қасиетті түліктің бар келбетіне баса мән берген. Жүріс-тұрысына дейін аңғарған, ат қойған. Олай болса жылқының жүріс түрлерін айта кетейік.

Аяң – аттың қатты емес, баппен ақырын жүрісі.

Өгіз аяң – өте жай жүріс.

Сылбыр аяң – босаңсып, ілби басқан жүріс.

Сары аяң – бірқалыпты жедел жүріп отыру.

Ырғақ – шабандап жүру.

Қара жүріс – шаппай, желмей аяңдап отырып ұзақ жол жүру.

Бүлкіл– аяңнан тездеу болатын жүріс.

Құлан бүлкіл – екпіндете бүлкілге басып жүру.

Желіс – аяң не шабыс емес жеделдете, шоқырақтап жүру.

Бөкен желіс – орта екпінде бөкеңдеп шабу.

Сар желіс – ағынды өте жедел күшті желіс.

Текек – желіс пен шабысаралық шапшаңдықтағы бірқалыпты емес, секектей жайсыздау желу.

Жортақ – аттың желістен бөсеңдеу екпіндей бүлкілдей жүруі.

Шоқыту – текіректеп желіп келіп, біраз шауып барып, ірку.

Текірек – аттың жайсыз шоқақтап желуі.

Қалмақ желіс – жортуылдап тынбай жүру.

Шабыс – аттың бауырын жаза, қос аяқтап, екпіндете желдей есіп шабуы.

Ағынды шабыс – көсіле, заулай шабу.

Майшоқырақ – жайлап қана шабу.

Жорға – төрт аяқты тең салып, тайпала-тайпала ырғатылып, адамға жайлы келетін жылқы жүрісі.

Жол жорға – жүріске барабар адамға жайлы, митыңдаған жорға.

Үш аяқ жорға – жорғасынан жаңылып, текіректей желіп барып түзеп алатын жорға жүріс.

Су жорға – жаңылмайтын шапшаң жорғалау.

Тайпалған, төкпе жорға – екпіндей сәнімен, төгілтіп жорғалау.

Су төгілмес жорға – аяқ тастауы тең, жайлы жорға.

# ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

**№ 389 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, аудандық мәдениет үйі ғимараты, телефон: 2-18-99**

Кулмуханов Жанибек Аманиязович -*комиссия төрағасы*
Мусин Жалгас Сабыргалиулы -*төраганың орынбасары*
Бактыгереев Сабит Бакитович -*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Айдашев Абат Жаугашарович
Изимбетова Айжан Рахметоллаевна

**№ 390 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі ғимараты, телефон: 2-17-30**

Альжанов Мурат Шингисович -*комиссия төрағасы*
Досымбаева Мира Бауыржанкызы-*төраганың орынбасары*
Байманова Алия Аманкелдиевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Дүйсенгалиева Күнсая Құмарқызы
Мергалиева Зайда Садуовна

**№ 391 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 2-20-14**

Сейталина Мейрамгул Кайырбековна-*комиссия төрайымы*
Рыскалиев Талгат Максатулы-*төрайымның орынбасары*
Нурманова Диана - *комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Сүйесинов Исатай Қонашұлы
Шотпанова Гаухар Ардаковна

**№ 392 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, Ойыл қазақ орта мектебі ғимараты, телефон: 2-16-52**

Сармуханов Серік Кәдірғалиұлы-*комиссия төрағасы*
Каумешова Есенгүл Сагынбаевна-*төраганың орынбасары*
Ерменова Райхан Есеновна- *комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Кожиева Бибигул Нурбергеновна
Садакбаева Гулмира Танжарбаевна

**№ 393 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Екпетал ауылы, Қыдырбаев Хайролла көшесі 13, Екпетал негізгі мектебі ғимараты, телефон: 72-1-47**

Жумагулова Гулнур Амангелдиевна-*комиссия төрайымы*
Сенғалиев Темірбек Әділбекұлы-*төрайымның орынбасары*
Итибаева Гулгул Куанышбековна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Магауиякызы Жумаш
Шаргезова Гулмира Салимгереевна

**№ 394 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі 1, Қаракемер негізгі мектебі ғимараты, телефон: 73-2-00**

Ескалиева Бақыт Мүбараковна-*комиссия төрайымы*
Исмагулов Амангелды Базартаевич-*төрайымның орынбасары*
Жұбанова Әйгерім Айжарыққызы-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Азан Анар Есімқызы
Умбетов Тлектес Алпысбаевич

**№ 395 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, Ақшатау орта мектебі ғимараты, телефон: 73-0-81**

Карасаев Бекжан Каримович-*комиссия төрағасы*
Айжариков Коныс Боранбаевич-*төраганың орынбасары*
Косбаева Базаргул Амандыковна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Косжанов Сакен Мауытович
Тулеушева Гулжамал Елубаевна

**№ 396 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі 2, Соркөл орта мектебі ғимараты, телефон: 73-2-49**

Жабасов Максут Бакытжанович-*комиссия төрағасы*
Койайдаров Сагындык Темирович-*төраганың орынбасары*
Акутенова Шынар Бакытжановна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Абишев Бауыржан Шынгуович
Базаров Нурболат Әлібиұлы

**№ 397 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 35, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапханасы ғимараты, телефон: 37-5-35**

Кауметова Шекер Жолдыбаевна-*комиссия төрайымы*
Адилов Нурлан Байтуркеевич-*төрайымның орынбасары*
Жауынбаева Ира Шыганаковна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Мырзекенов Болатбек Нуралиевич
Сүмесинов Еркебулан Кауымбаевич

**№ 398 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі 5, Құрманов бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-0-92**

Бактыгалиев Арыстанбек Наурызбаевич-*комиссия төрагасы*
Курманова Сания Айбеккызы-*төраганың орынбасары*
Оспанова Алмагул Ароновна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Молдагулов Сансызбай Аубакирович
Сагидуллина Райгул Мерекенкызы

**№ 399 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-4-90**

Сундетов Жайлау Жолдыгалиевич-*комиссия төрагасы*
Түрікпенов Дулат Қуатбайұлы-*төраганың орынбасары*
Хитрук Елена Курмангалиевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Азанов Улан Бегенович
Артыкбаев Дастан Берекетович

**№ 400 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-4-89**

Қалиев Жаңабай Қайранбайұлы-*комиссия төрагасы*
Наубетов Мұрат Саматұлы-*төраганың орынбасары*
Нұргалиев Азамат Айжарықұлы-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Избасарова Тлекгул Ерболатовна
Қалымов Ыбрай Бекішұлы

**№ 401 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимаратты, телефон: 74-5-11**

Амиров Тилекбай Идеятуллаевич-*комиссия төрагасы*
Аманбаева Баглаш Тастемировна-*төраганың орынбасары*
Бердембаева Акмарал Сисеновна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Муканов Лукман Кадирович
Мусина Лаззат Киялбаевна

**№ 402 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты,телефон: 73-4-93**

Тайбурин Қази Әлімұлы -*комиссия төрагасы*
Ахметов Орынгали Сабырович-*төраганың орынбасары*
Шармуханов Бекболат Ахметович-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Мухамбетова Жанаргул Даукеновна
Оңайбаева Гулжан Амантайқызы

**№404 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13, Сапаққөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 35-2-50**

Дауленова Гулбарам Аманжоловна-*комиссия төрайымы*
Мусина Гүлсара Шынтасовна-*төрайымның орынбасары*
Оразова Лиза Оразовна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Альжанова Канипа Аксеиловна
Кисымбетова Саржан Каримжановна

**№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, Қаракөл бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-7-16**

Нуржанов Кумар-*комиссия төрағасы*
Диноллин Аралбай-*төраганың орынбасары*
Султанов Айса Еленбаевич-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Бюрина Аксулу Хайруллиевна
Нугыманова Гүлжазира Демегеновна

**№ 406 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон:73-7-31**

Исмагулов Амангелды Сапартлеуович- *комиссия төрагасы*
Досанов Айдар Косалович- *төраганың орынбасары*
Койшыгулова Шынар Кожановна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Оразов Сатыбалды Сайлауович
Утепов Жанболат Шекиртович

**№ 407 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, Құбасай бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-7-37**

Амиржанов Курбанбай Жолмурзаевич-*комиссия төрагасы*
Жайгалиев Махамбет Усенович-*төраганың орынбасары*
Егизбаева Сандугаш Амангелдиевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Булекбаев Мамай Еркинович
Имаганбетова Данагул Бегалиевна

**№ 408 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-1-45**

Тулеугалиев Уалихан-*комиссия төрагасы*
Кожантаева Жанат Абибуллаевна-*төраганың орынбасары*
Килашева Конуршаш Жумабаевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Арихов Нурлан Алпамысович
Байниязов Жумат Бурекешович

**№ 409 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Шиқұдық ауылы, Мектеп көшесі 16, Теректі негізгі мектебі ғимараты, телефон: 74-1-43**

Аяпбергенов Мереке Ерекешович-*комиссия төрагасы*
Беисова Айгул Ескендировна-*төраганың орынбасары*
Аренов Нұржан Қамбарұлы-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Сапарова Меизгул Орынбасаровна
Сисенгалиев Аманбек Орынбасарович

**№ 410 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Бестамақ ауылдық клубы ғимараты, телефон: 43-4-30**

Бисенов Балтабай Сырлыбаевич-*комиссия төрагасы*
Аманбаев Айжарык Баданович-*төраганың орынбасары*
Жиеналина Багдагул Кенжебайкызы-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Калауов Ануар Дауленович
Калашева Бижамал Калашевна

**№ 411 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Аққемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Аққемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-0-82**

Абылгазин Калыбек Майлыкович-*комиссия төрагасы*
Иманов Алпысбай Жарылғасынұлы-*төраганың орынбасары*
Есенова Алтынгул Бугетбаевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Қилыбаев Нұрбек Мұратбекұлы
Мендигалиев Каратай Кожаденович

**№ 412 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Қайыңды ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-8-14**

Дүйсенгалиев Турлан Тулепбергенович-*комиссия төрагасы*
Жумагалиев Кобланды Есбаевич-*төраганың орынбасары*
Казиева Назгул Тургалиевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Жақсыбай Ардақ Ермекқызы
Муханбетқалиева Гүлжанат Есенбайқызы

**№ 413 учаскелік сайлау комиссиясы**
**Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-1-42**

Елгондина Дина Майлыгалиевна-*комиссия төрайымы*
Батыргалиев Нурлыбек Енсегенович-*төрайымның орынбасары*
Калиева Булбул Сенбаевна-*комиссия хатшысы*
Комиссия мүшелері
Имаганбетова Калия Канатбаевна
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: Б.Бисекенов**
**Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: Б.Бақтыгереев**

# АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНДА ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫНКҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУЛЫ**

21.10.2020ж. Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысындағы денсаулық сақтау ұйымдарында шектеу шараларын күшейту туралы

Мен, Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Беркімбаева Нұрсұлу Алтынбекқызы, **«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 150 бабы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №239 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидасының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 маусымдағы №43 қаулысына сәйкес*(бұдан әрі – 25.06.2020 жылғы №43 Қаулы),* Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың тіркелуіне байланысты және оның одан әрі таралуына жол бермеу мақсатында, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

I. Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысы м.а. (Дүйсенбаева А. Қ.) және меншік түріне қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларына:

1. Меншік түріне қарамастан, барлық медициналық ұйымдарда (ауруханалар, емханалар, стоматологиялық, гинекологиялық және басқа медициналық ұйымдар) 25.06.2020 жылғы №43 Қаулының 2-қосымшасына сәйкес “лас” және “таза” аймақтарға бөлуді қамтамасыз ету;

2. Меншік түріне қарамастан барлық денсаулық сақтау ұйымдарында шлюздер ұйымдастырылып пациенттердің бүкіл ағынының дене температурасы нөлшеу үшін тепловизорлармен қамтамасыз ету;

3. Меншік түріне қарамастан барлық денсаулық сақтауұйымдарында COVID-19-ды жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациенттер анықталған жағдайда оларды оқшаулауға изолятор ұйымдастыру;

4.Пациенттердің күнделікті ағымын (басқа да нозологиялық аурулар бойынша) COVID-19 ауруына күдікті пациенттермен қиылысуын болдырмай бөлудіқамтамасызету;

5. Босандыру ұйымына босанатын әйелдер, сондай-ақ көп бейінді стационарларға COVID-19 ауруын жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар өмірлік көрсеткіштері бойынша шұғыл көмек көрсетуді қажет ететін пациенттер түскен кезде медициналық көмекті жеке қорғаныш құралдарын пайдалана отырып, эпидемияға қарсы режимді сақтай отырып, оқшауланған үй-жайда көрсетуді қамтамасыз ету;

6. Стационарға емдеуге түскен кезде науқастардыCOVID-19-ға міндетті түрде зертханалық тексеруден өткізуді 25.06.2020жылғы № 43 Қаулының 33-қосымшасына сәйкес қамтамасыз ету;

7.Көпбейінді ауруханалардың қабылдау бөлімінде пациенттердің күнделікті ағынын хирургиялық және терапиялық бейіндер бойынша бөлек бөлуді қамтамасыз ету;

8.Меншіктүріне қарамастан облыстағы стационарлардамедицина қызметкерлерінің стационар бөлімшелері бойынша қозғалысын шектеуді қамтамасыз ету;

9. Пациенттердің бөлімшелер арасында қозғалысына жол берлмеу;

10. Пациенттерге туыстарының келуіне тыйым салу;

11.Медицина қызметкерлерінің (ЖҚҚ-рын кию, қолды антисептиктермен өңдеу) режимдерін және бөлімшелердің жұмысын (палатадан палатаға орын ауыстыруын) бақылау мақсатында бейнебақылау болуын қамтамасыз ету;

12. Палаталардың толтырылу циклділігін сақтауды қамтамасыз ету;

13. Барлық үй-жайларды үнемі желдетуді қамтамасыз ету;

14. Қажет болған жағдайда, пациенттерге тар бейінді мамандардың консультация беруі және оларды жүргізуі барынша қашықтықтан жүргізілуін қамтамасыз ету;

15.Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі-МСАК) объектілерінекіретін адамдардың дене температурасын бақылауды қамтамасыз ету;

16. Емхана және стационар ғимараттарының кіре берісі тиісті көрсеткіштермен жабдықтала отырып ЖРВИ, ТОРИ, тұмау және COVID-19 белгілеріне күдікті барлық тұлғаларды «фильтр» арқылы қабылдауды қамтамасыз ету;

17. ЖРВИ, ТОРИ, тұмау белгілері және COVID-19 симптомдары бар адамдарды 103 бригадасы келгенге дейін оқшаулау үшін арнайы бөлінген бөлмені ұйымдастыру;

18.МСАК ұйымында көзбе-көз қабылдауды және пациенттерді үйде қарауды жүзеге асыратын медициналық персоналтиісті ЖҚҚ-мен жарақтандыруды қамтамасыз ету;

19. Пациенттерді қабылдауды алдын ала жазылу бойынша жүргізуді қамтамасыз ету;

20. Үйдегі карантиндегі адамдар үшін уақытша еңбекке жарамсыздық парақтарын (еңбекке жарамсыздық парағы) медициналық ұйымдарға бармай рәсімдеуді ұйымдастыру;

21. Пациенттерді тегін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде рецептерді онлайн-беруді немесе үйге жеткізуді ұйымдастыру;

22. Жұқпалыаурулар мен COVID-19 әрбір жағдайына департаментке және аумақтық басқармаларға шұғыл ха барламаны уақтылы беруді қамтамасыз ету;

23. Жедел медициналық жәрдем станцияларының шұғыл және кезек күттірмейтін шақыруларға уақытылы қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;

24. Үйлерінде жатқан пациенттерге амбулаторлықемханалық көмек деңгейінде сапалы (қашықтықтан, мобильді бригадалар) динамикалық бақылау жүргізу;

25. Меншіктің барлық түріндегі стоматологиялық ұйымдарға қабылдауды телефон арқылы мұқият сұрау жүргізу арқылы алдын ала жазылу бойынша қамтамасыз ету;

26. Әрбір пациентке пациенттің қолы қойылған сауалнама толтырлуын қамтамасыз ету;

27. Күту кезінде пациенттердің байланысын және қиылысын болдырмауды қамтамасыз ету;

28.Көлемі үлкен клиникаларда тіркеу орнында пациенттер арасындағы 2 метр қашықтықты қамтамасы зету;

29. Әрбір пациентті қабылдағаннан кейін кабинтті кемінде 30 минут экспозицияны сақтап кварцтауды жүргізуді қамтамасыз ету;

30.Барлық меншік түріндегі стоматологиялық клиникаларда бір реттік құрал-саймандарды барынша пайдалануды, көп реттік құрал-саймандарды пайдалану кезінде өңдеу режимін қатаң сақтауды қамтамасыз ету;

31. Меншік түріне қарамастан барлық медициналық ұйымдарда медицина қызметкерлеріне күніне 2 рет күнделікті сұрау және дене температурасын өлшей отырып, бақылау журналына тіркеу жүргізіп тұрақты медициналық бақылау жүргізуге жауапты медицина қызметкерін бекіту;

32. Халық арасында коронавирус инфекциясының алдын алу,қорғаныс маскаларын кию, жеке бас профилактикасын сақтау және ауырған жағдайдағы тактика бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу;

33. Денсаулық сақтау объектілерінде меншік түріне қарамастан күніне кемінде үш ре тқұрал-сайман беттерін өңдеу, қызметкерлердің ұялы телефондарын, гаджеттерді, компьютерлік техниканы, есік тұтқаларын, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтақ сүйеніштерін), жиһазды, қол жууға арналған раковиналарды, терезе алдын, есіктерді, қосқыштар мен розеткаларды міндетті түрде, дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып ылғалды жинау,өңдеу, желдету), қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатып, күшейтілген дезинфекциялық режимді қатаң сақтауды қамтамасыз ету;

34. Барлық қызметкерлерді ЖҚҚ-ның жеткілікті санымен 25.06.2020 жылғы №43 Қаулының 3-қосымшасына сәйкес қамтамасы зету;

35. Медицина қызметкерлерінің инфекциялық қауіпсіздігін сақтауды 25.06.2020 жылғы№ 43 Қаулынының 34-қосымшасына сәйкес орындалуын қамтамасыз ету;

36.Эпидемияға қарсы режимді сақтауды бақылауға және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге персоналға инфекциялық қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамаж үргізуге, практикалық сабақтар өткізе отырып эпидемияға қарсы режимді сақтаудық амтамасызету үшін емдеу ұйымдарында госпитальдық эпидемиологтарды медициналық ұйым басшыларының бұйрығымен бекіту;

37.Тұрғындар арасында COVID-19 инфекциясының таралуын болдырмау, ауру тактикасы мен ауру кезіндегі жеке профилактикалық іс-шараларды жүргізу, медицина қызметкерлері мен пациенттер арасында аурухана ішілік инфекциясын болдырмау мақсатында инфекциялық бақылау жөніндегі комиссияның жұмысын күшейту;

38. Меншік түріне қарамастан барлық медициналық ұйымдар үшін Қаулы орындауға міндетті;

39. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

40. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ақтөбе облысының**
**Бас Мемлекеттік**
**санитариялық дәрігері**
**Н.А.Беркімбаева**

*2020 жылғы 14 ақпаны № 1*
*Ойыл ауданы әкімінің шешіміне 1-қосымша*

## ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

**№ 389 сайлау учаскесі**
**Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 68, Ойыл аудандық Мәдениет үйі ғимараты, телефон: 2-18-99**

Құрманғазин Бейсұлла көшесі - 17, 19, 20, 21,22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43,45, 46, 47, 48, 49, 50/1, 50/2, 51, 53, 55, 57, 59, 60, 61, 62, 63, 65/1,65/2;
Шернияз Жарылғасұлы көшесі –40, 42, 44, 46, 48, 50, 51, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 61, 64, 65, 66/4, 66/5, 66/8, 68, 69, 70, 73, 74, 75, 79, 81, 83, 85, 87, 87/1;
Көкжар көшесі -22, 23, 25, 27, 29, 31, 32А, 33, 35, 36, 37, 38, 39,40,41, 43, 44,45, 47, 48, 49, 51, 52, 53,54,55, 56, 57, 58, 59, 60, 62, 63, 64;
Құрманов Исламғали көшесі - 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 27, 30,31, 32, 33, 34, 35, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 48, 50, 52,56,58/1, 58/2, 60/1, 60/2,62/1, 62/2, 62/3, 64, 66, 68, 70, 70 «А», 74, 76;
Берсиев Шығанақ көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24/1, 24/2, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35,36, 38, 40, 41, 42, 43, 44, 45,50, 52, 54,56;
Жолмырзаев Байсалбай көшесі - 2, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 24, 25, 29,30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42/1, 42/3, 42/4, 42/5, 42/6, 42/8, 42/9, 42/10, 42/11, 42/12, 42/13, 42/14, 42/15, 42/16, 42/17, 42/18, 42/20, 42/21, 42/22;
Дәуленов Сәлкен көшесі - 1, 2, 3, 4, 6, 7, 9, 10/1, 10/2, 10/3, 10/4, 11, 12/1, 12/2, 12/3, 12/4, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24/1, 24/2, 25, 26,27, 29, 33, 35, 39/1, 39/2, 41/1, 41/2, 43/1, 43/2, 45/1, 45/2, 47/1, 47/2, 49/1, 49/2;
Қойшығұлов Ахметжан көшесі - 1/1, 1/2, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8/1, 8/2, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22,23, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30;
Екібаев Амантұрлы көшесі - 1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/2, 16, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 46, 48, 50, 52.

**№ 390 сайлау учаскесі**
**Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі, 86, Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі ғимараты, телефон: 2-17-30**

Құрманов Исламғали көшесі- 47, 51,53,55, 57, 59/1, 59/2, 61/1, 61/2, 63/1,63/2,65, 67, 69/1, 69/2, 71, 73, 75, 77/1, 77/2, 78 «а», 79/1, 79/2, 80, 81«а», 82, 83, 84/2, 85, 86, 87, 88/1, 88/2, 88/4, 89, 90/1, 90/3, 90/4, 91, 92/1, 92/2, 94/1, 94/2, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108;
Қойшығұлов Ахметжан көшесі - 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38/1, 38/2, 39, 40/1, 40/2, 41/1, 41/2, 42,43, 44, 45/1, 45/2, 46, 47/1, 47/2, 48/1, 48/2, 48/3, 48/4, 50/1, 50/2;
Аманкелді Иманов көшесі - 6/1, 6/2, 8/1, 8/2, 10/2, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 16/1, 16/2, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30;
Алтынсарин Ыбырай көшесі - 1/1, 1/2, 1/3, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 7, 11, 13, 13 «а»;
Абай Құнанбаев көшесі - 16/а/1, 16/а/2, 16/б/1, 16/б/2, 18, 20,21,22,23,24,25/1, 25/2, 25/3, 25/4,26,27,29,31;
Ержанов Қуаныш көшесі - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 19/4, 20, 22, 23/1, 23/2, 24, 25, 26, 27,29, 31,33;
Еркінов Шүкір көшесі - 1, 2а, 2/1, 2/2, 3/1, 3/2, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8, 8а, 9, 9а, 9б, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 12, 13/1, 13/2, 13/3, 13/4, 13а, 14, 15/1, 15/2, 15/3, 16, 17/1, 17/2, 18, 19/1, 19/2, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 42, 43, 45, 49, 51, 53, 55, 57, 59;
Құрманғазы Сағырбаев көшесі - 2, 3,4, 6, 7, 9, 13, 15, 19, 22, 23,25, 27, 31, 33;
Сатпаев Қаныш көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 11, 13,14, 15 «а», 16, 17, 20, 21, 24, 25, 26, 28, 29, 31,32, 35, 36, 38.

**№ 391 сайлау учаскесі**
**Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі, 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 2-20-14**

Шернияз Жарылғасұлы көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28,29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36,37, 38, 39, 41, 43, 45, 47;
Құрманғазин Бейсұлла көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13,14, 15, 16 ;
Көкжар көшесі - 1, 2, 3, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20,21, 26, 28, 30;
Құрманов Исламғали көшесі -1, 2, 8, 9,10, 12, 13, 15;
Масатов Сауытбай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25/1, 25/2, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64;
Қарақұлов Ишанбай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43/1, 43/2, 44, 45, 46, 48, 50,51,52,53,54,55,56,57,58,60,62,66,68,70,72;
Оноприенко Николай көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23,24,26,27;
Дүсіпов Үмбет көшесі - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 16, 18;
Төлебаев Мұса көшесі - 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7/1, 7/2, 8, 9/1, 9/2, 10, 11/1, 11/2, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 15/1, 15/2, 16/1, 16/2, 17, 18,19, 20,21, 23, 26, 28, 30, 32 «А», 44;
Қлипанов Отар көшесі - 1/1, 1/2, 2, 4, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 7/2, 8, 9, 10, 11/1, 11/2, 11/3, 12, 13, 14/1, 14/2, 15, 16/1, 16/2, 17, 18, 19,21, 22, 24.

**№ 392 сайлау учаскесі**
**Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі, 2, Ойыл қазақ орта мектебі ғимараты, телефон: 2-16-52**

Шернияз Жарылғасұлы көшесі - 76, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 86, 88/1, 88/2, 89, 90, 91/1, 91/2, 92, 93/1, 93/2, 94, 95/1, 95/2, 96, 97/1, 97/2, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102/1, 102/2, 103/1, 103/2, 104, 105, 105 «А», 106, 107, 107 «Б», 109, 111, 112, 113/1, 113/2, 113/3, 115/1, 115/2, 115/3, 117/1, 117/2, 119/1, 119/2, 121, 123, 125, 125 «А», 127/1, 127/2, 127/3, 129, 133,135,137,139,145,147;
Көкжар көшесі – 65, 66, 67, 68, 70, 71/1, 71/2, 72, 73/1, 73/2, 74, 75/1, 75/2, 76, 77/1, 77/2, 78, 79, 80/1, 80/2, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97/1, 97/2, 97/3, 98, 99/1, 99/2, 100, 101, 102, 103/1, 103/2, 104/1, 104/2, 104/3, 105/1, 105/2, 105/3, 106, 107/1, 107/2, 108/1, 108/2, 108/3, 109, 110, 112, 113, 114, 116, 117,120, 124;
Абай Құнанбаев көшесі – 1, 2, 3, 4/1, 4/2, 5/1, 5/2, 6, 7/1, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15/1, 15/2, 17/1, 17/2, 18, 19;
Аманкелді Иманов көшесі – 1/1, 1/2, 3, 5/1, 5/2, 5/3, 5/4, 7,9;
Бақаев Бауетдин көшесі - 1, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 4/2, 5, 6/1, 6/2, 7, 8, 9, 10, 11, 12/1, 12/2, 13, 14/1, 14/2, 15, 16/1, 16/2, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35/1, 35/2,36,37,38,39,41,43,45,47,48,49;
Тапалова Нұрсұлу көшесі - 1,2,3,4,5,6/1,6/2,7,8/1,8/2,9,10/1,10/2,11,12/1,12/2,12/3,13,13 «А»,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24,25,28,30;
Желтоқсан көшесі - 1, 1 «А», 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 13/1,13/2, 15/1, 15/2, 17 «А», 19/1, 19/2, 21,23,24,26,27;
Медетбаев Дауылбай көшесі - 1, 2, 2 «А», 3, 4, 5, 6, 7, 8;
Байғанин Нұрпейіс көшесі-1,2,3,4,5,6,7,9/1,9/2;
Молдағұлова Алия көшесі - 1, 2/1, 2/2, 2/3, 3/1, 3/2, 4, 5, 6, 7, 8;
Тәуелсіздіктің 20 жылдығы көшесі - 9, 11, 15, 17, 18, 19/1, 19/2, 21, 23, 24, 25/1, 26, 27/1, 27/2, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 38, 39,41,43;
Қаңтарбаев Тұрғали көшесі – 1, 3, 4, 7, 8, 10, 11/1,11/2,12,13, 14, 15, 17/1,18,19, 20, 21/1,21/2, 22, 23, 24,26.

**№ 393 сайлау учаскесі**
**Екпетал ауылы, Қыдырбаев Хайролла көшесі, 13, Екпетал негізгі мектебі ғимараты, телефон: 72-1-47**

Барқын көшесі – 1,3,5,6, 7,9,11;
Қыдырбаев Хайролла көшесі - 1,2/1,2/2,3,4,5,6,7/1,7/2,8/1,8/2,9/1,9/2,10/1,10/2,11,12/1,12/2, 13,14;
Жасыл ел көшесі - 1,2,3,4,5,6,7/1,7/2,8,9/2,10,11/1,11/2,12/1,12/2,13,14,15,16,17/1,17/2,19,21;
Орманшы көшесі -1,2,3,4;
Жаңабаз қыстағы – 1, 2/1, 2/2, 3, 4/1, 5, 6, 7/1, 7/2, 8, 10/1, 10/2, 12/1, 12/2, 14/1, 16/1, 16/2.

**№ 394 сайлау учаскесі**
**Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көшесі, 1, Қаракемер негізгі мектебі ғимараты, телефон: 73-2-00**

Бейбітшілік көшесі - 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24;
Ардагерлер көшесі - 1/1,1/2,2,3,4,5,6,8,9,10,11,13,15;
Достық көшесі - 1,2,3,4,5,6,7,8,9/1,9/2,10,11,12,13,14,15,16/1,16/2,17/1,17/2,18,19,20/1,20/2, 21,22/1,22/2,23/3,24;
Ынтымақтастық көшесі - 2,4,6,8,10,13;
Доброво қыстағы – 1, 2, 3, 4, 5;
Еңсеген қыстағы – 1, 2, 3;
Тайлақбай қыстағы – 1, 2, 3, 4.

**№ 395 сайлау учаскесі**
**Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі, 1а, Ақшатау орта мектебі ғимараты, телефон: 73-0-81**

Жастар көшесі-1,2,3,4/1,4/2,5,6/1,7,8,9,10/1,10/2,11/1,12,13,14,15,16,17,18,19/1,19/2, 20, 21, 23, 25, 27, 29;
Шалқыма көшесі-1,2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,9,10,11,12/1,12/2,13,14,15;
Ақжол көшесі-1,2,3,4,5,6,7,8/1,8/2,9,10,11,12;
Балауса көшесі-1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,12,14,16,18;
Сарат қыстағы – 1 ;
Талтоғай қыстағы – 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 9 «А», 11, 13, 15, 17, 19;

**№ 396 сайлау учаскесі**
**Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 2, Соркөл орта мектебі ғимараты, телефон: 73-2-49**

Ш.Берсиев көшесі – 1, 3, 5/1, 5/2, 6/1, 6/2, 7, 8, 9, 10, 11, 12/1, 12/2, 13/1, 13/2, 14/1, 14/2, 14/3, 15,16,17,19,21,23,27;
Қ.Ержанов көшесі – 1/1,1/2,3/1,3/2,3/3,5/1,5/2,5/3,7,9,11,13/1,13/2,19,21,23,25;
Республика көшесі – 1,2,3,4,5,6/1,6/2,7,8/1,8/2,9/1,9/2,9/3,10/1,10/2,10/3,11/1,11/2,12,13, 14/1,14/2,15,17/1,17/2,17/3,19,21/1,21/2,21/3;
Астана көшесі – 1,3,5,5А,7,9,11,13,15.

**№ 397 сайлау учаскесі**
**Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 35, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапханасы ғимараты, телефон: 37-5-35**

Ш.Берсиев көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14/1,14/2,15,16/1,16/2,17,18,19,21,22,23, 24/1, 24/2, 25,26/1,26/2,27,28,29,30,31,32/1,32/2,33,34/1,34/2,36,38,40,41/1,41/2,43,45;
З.Баймолдина – 1,2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,9/1,9/2,11/1,11/2,12,13/1,13/2,14,15;
Астана көшесі - 1,2,3,5,6/1,6/2,7,8/1,8/2,10/2;
Сүлеймен әулие көшесі - 2,3,4,5,6,7,8,9/1,9/2,10;
Қ.Ержанов көшесі - 1,1А,2,3,4,5/1,5/2,5/3,6,8/1,8/2,10,11,12,13,14;
Көкжар көшесі - 1,3,4,5,7,9,11,13/1,13/2,15,17,19,21,23;
И.Қарағұлов көшесі - 2,4,6/1,6/2,8/1,8/2,10,12,14,16,18,20,22,24/1, 24/2, 26/1, 26/2, 26/3, 28/1, 28/2, 28/3,30;
Ө.Бақаев көшесі - 3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,14,15,17,23/1,23/2,25;
Тәуелсіздік көшесі - 1,2,3,4,5,6,7,8,9,11,15,17,19,21,23,25;
Ж.Жүсібәлиев көшесі - 1,3,5,7/1,7/2,13,15,17,21,23;
Ақтөбе көшесі - 1,3/1,3/2,3/3;
Бейбітшілік көшесі - 1/1,1/2,2,3,4,5;
Республика көшесі - 1,2,3,4,5,7,9,11,15,17,19;
Конституция көшесі - 1,2,4,5,6,7,8/1,8/2,9,10,11;
Қобыланды батыр көшесі - 1,2,5/1,5/2,5/3,7/1,7/2,9/1,9/2,11/1,11/2;
Ә.Молдағұлова көшесі - 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19.

**№ 398 сайлау учаскесі**
**Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі, 5, Құрманов бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-0-92**

Ш.Берсиев көшесі - 1,2,3,4,6/1,6/2,6/3,8,10,12,14;
Бейбітшілік көшесі – 1,2,4/1,4/2,5,6,7,8.

**№ 399 сайлау учаскесі**
**Аманкелді ауылы, Астана көшесі, 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-4-90**

Астана көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,13,15,17,18/1,18/2,19,20/1,20/2,21,22/1,22/2,23/1,23/2, 24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,34,35;
Алғабас көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13/1,13/2,15/1,17;
Бейбітшілік көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,22а,23,24;
Жаңақадам көшесі – 1,1 «А»,2,3,4,5,6,7,8,9,10 «А»,11,12,13,13 «А»,14,15;
Ынтымақ көшесі – 1/1,1/2,2,3,4,6,8,10,12,14,16,18,20,22.

**№ 400 сайлау учаскесі**
**Қарасу ауылы, Алашорда көшесі, 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-4-89**

Алашорда көшесі – 1,3/1,3/2,4,5,6,8,10/1,10/2;
Мақпалкөл көшесі – 1,2,2 «А»,3,4,5,7,9,11,13,15,17,19;
Ойыл көшесі – 1,2,3,4,5,7;
Тамдыкөл көшесі – 1,2,3,4,5,6/1,6/2,8/1,8/2,9,10,11,12/1,13,14,15/1,15/2,16,17,18,19,20,22,24, 26,28,30.

**№ 401 сайлау учаскесі**
**Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі, 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-5-11**

Ардагер көшесі – 1/1,1/2,2,3,4,5,6,7,8,8/1,8/2,9,10,11/1,11/2,12,13,14,15,16/1,16/2,17/1,17/2, 19/1,19/2,21/1,21/2,23,25,27;
Бейбітшілік көшесі – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,8,10/1,10/2,12/1,12/2,14,16,18;
Достық көшесі – 1/1,4,5,7/1,7/2,8/1,8/2,9/2,10/1,10/2,11,12,14,16,18,20;
Жеңіс көшесі – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,8,10/1,10/2,12,14/1,14/2,16;
Құрман көшесі – 1,2,3,4,6,7/1,7/2,8,9,10,11,12/1,12/2,12/3,13,14,15,16,17,18/1,18/2,19,20,22;
Мектеп көшесі – 1/1,1/2,2,3,5;
Наурыз көшесі – 1,4,6,8,10;
Сапы көшесі – 2,3,4,5,6,8,9,10,11,12,14,16;
Тәуелсіздік көшесі – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,6,7/1,7/2,8,10/1,10/2,12/1,12/2,14,16,17/1,17/2;
Тамдыкөл көшесі – 1,2,3,3 «а»,4,5,6,8,10,14,16,18,20,22,24,26;
Тұрғын үй-91 көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12;
Қазақстан көшесі – 2/1,2/2,3,4,6,8,9,10/1,10/2,11,12,14,15/1,15/2,17/1,17/2,19/1,19/2,24,26, 27,28,29,30,31,32,33,34,35,36,37,39,41;
Астанаға 10 жыл көшесі – 2,3,4,5,6,8,10,14,16,18.

**№ 402 сайлау учаскесі**
**Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі, 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-4-93**

Ақсай көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,10;
Достық көшесі – 1,2,3,4,5,5а,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16;
Желтоқсан көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,11,12/1,12/2,13/1,13/2,14,15,16/1,16/2,17,21,23,25/1,25/2,27/1,27/2,29;
Тәуелсіздік көшесі – 2,3,4,5,7,9.

**№ 404 сайлау учаскесі**
**Сарбие ауылы, Жастар көшесі, 13, Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 35-2-50**

Құрманғазы көшесі – 1,3,5,5/1,7,9;
Ақтөбе көшесі – 1,3,5,7,9,11,11/1,11/2,13,13/1,15,17,19,21,23,25,29,29/1,2,4,6,8,10,12,14;
Астана көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9;
Махамбет көшесі – 1,3,5,7,9,11;
Жастар көшесі – 1,2,3, 4,4/1,5,6,8,10,11,11/1,12,14,14/1;
Әйтеке би көшесі – 1,2,2/1,3,4,5,5/1,6,7,7/1,8,9,10,11,12,13,14,15,15/1,17,19,21,21/1,23,25,27, 29,29/1,31,31/1,33,33/1,35,35/1,37,39;
Ә.Молдағұлова көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,23,24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,34,36;
Жекенді көшесі – 1, 2,2/1,3,4,5,6,7,8,9,10,11,13,15,17,19,21,23,25,27,29,31,33,35;
Бейбітшілік көшесі – 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19,21,23,25,27,29,31,33,35;
Желтоқсан көшесі – 1,1/1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,16,18,20,22,24;
Жеңіс көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24;
Исатай көшесі – 1,2,3,4,5,7,9.

**№ 405 сайлау учаскесі**
**Қаракөл ауылы, Абай көшесі, 10, Қаракөл бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-7-16**

Абай көшесі – 1/1,1/2,2,3,4,5/1,5/2,6,7,8,9,11,12,14,15,16,17,18,19,20,21,22,24.

**№ 406 сайлау учаскесі**
**Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі, 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 73-7-31**

Еңбеккерлер көшесі - 1,3,5,7,9,11/1,11/2,11/3,12,13,14/1,14/2,15,16,17,18,20,22,24;
Жетікөл көшесі – 1,3,5,7,9,11;
Ынтымақ көшесі – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,3/3,4/1,4/2, 5/1,5/2,5/3,6/1,6/2,8/1,8/2,10/1,10/2;
Желтоқсан көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,14,16,18,20,22,24,26,28;
Өркениет көшесі – 1,2,3/1, 3/2,3/3,5,7;
Жасқайрат көшесі - 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15/1,15/2,16,18,19,20,21,22,23,24,25,27,29,31,33,35;
Алашорда көшесі – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4;
Астанаға 10 жыл көшесі – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,5,6,7/1,7/2,8,9/1,9/2,10,11,12,13,14,15,16,17,18, 19/1,19/2,20, 21/1,21/2,22,23,24,25/1,25/2,26,28, 30;
Қазақстан 2030 көшесі – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,5,6/1,6/2,7/1,7/2,7/3,8,9,10,11,12,13,14/1,14/2, 15/1,15/2,16/1,16/2,17,18/1,18/2,19,20/1,20/2,22/1,22/2,26, 28, 30,32,34/1,34/2,36,38, 40,42;
Тәуелсіздік көшесі – 1,2/1,2/2,3,4,5,6/1,6/2,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,23/1,23/2, 25,27,29,31,33,33/1,33/2,35,37,39,41,43.

**№ 407 сайлау учаскесі**
**Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі, 7, Құбасай бастауыш мектебі ғимараты, телефон: 73-7-37**

Қызылқорған көшесі – 1,2,3,4,5,6,8,9,10,12,14;
Бейбітшілік көшесі – 1,2,4,5,6,7,8/1,8/2,10.

**№ 408 сайлау учаскесі**
**Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі, 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-1-45**

Ә.Дербісәлин көшесі – 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19,21,23,25,27;
Алаш көшесі–1/1,1/2,2,3,4,5,6,7,9,10,11,12,13,15,16,17,18,19,20,21,22,23,24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,35;
Ақтөбе көшесі – 1/1,1/2,5,7,9,10/1,10/2,11,12,13/1,13/2;
С.Керімбаева көшесі– 1/1,1/2,2,3,4,5,6,7,8/1,8/2,9,10/2,11/1,11/2,13;
Қазақстан көшесі – 1,2,3,4,5/1,5/2,6,8/1,8/2,9,10,12,14,16,18/1,18/2,20/1,20/2,22,24/1,24/2,28,30/1,30/2;
И.Құрманов көшесі – 1 «а»,1,3,5,7,11,13,15/1,15/2,17/1,17/2,19,21;
Ботагөз-2 көшесі – 1/1,1/2,2,3,4,5/1,5/2,7/1,7/2,9/1,9/2;
Кеңес көшесі – 1,3,5,7,9,11,13/1,13/2,15,17,19/1,21/1,21/2,23,25/1;
Бейбітшілік көшесі – 1,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14;
Қ.Шоланов көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,9,11,13/1,13/2,15/1,15/2,17/1,17/2,17/3,19;
Таубатыр көшесі – 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,15,17;
Қоңырат ауылы:
Қоңырат көшесі – 1,2,3,4,6,9,10/1,10/2,11;
Ойыл көшесі – 7,9,11.

**№ 409 сайлау учаскесі**
**Шиқұдық ауылы, Мектеп көшесі, 16, Теректі негізгі мектебі ғимараты, телефон: 74-1-43**

Мектеп көшесі – 1/1,1/2,2,3/1,3/2,4/1,4/2,5,6,7,8/1,8/2,9,10/1,10/2,11,12,14,17/1,17/2,19, 21/1,21/2;
Теректі көшесі – 1/2,2/1,2/2,3/1,3/2,4/1,4/2,5/1,5/2,6/2,7,8/1,8/2,9,10/1,10/2,11,12.

**№ 410 сайлау учаскесі**
**Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі, 6, Бестамақ ауылдық клубы ғимараты, телефон: 43-4-30**

Жасталап көшесі – 1/1,1/2,2/1,2/2,3/1,3/2,4/1,4/2,5/1,6,7/1,7/2;
Тайсойған көшесі – 1,2,3/1,4,5/1,5/2,7/1,7/2,8/1,8/2,10;
Аяпберген көшесі – 2,3,4,5,6,7/1,7/2,8/1,8/2,9/1,9/2,10,11,12,13,15.

**№ 411сайлау учаскесі**
**Аққемер ауылы, Жеткіншек көшесі, 9, Аққемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-0-82**

Қиыл көшесі – 1,2/1,2/2,3,6,8/1,8/2,9/1,10,11,12,13,14,15/1,15/2,15/3,15/4,15/5,16,17,18,19, 20/1,20/2,21,22/1,22/2,23,25/1,25/2,27;
Жеткіншек көшесі – 1,3,8,10,11,12,13,14,15,16,18,20,22,24,26/1,26/2,28,30/1,30/2,32/1,32/2;
Бекет ата көшесі – 1,2/1,2/2,4,5,6/1,6/2,7,8,10/1,10/2,11,12/1,12/2,13,14/1,14/2,15,16/1,16/2,19,20.

**№ 412 сайлау учаскесі**
**Ақжар ауылы, Мектеп көшесі, 4, Қайыңды ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-8-14**

А.Иманов көшесі – 1 «а»,1/1,1/2,2,3/1,3/2,4,5,7,8/1,8/2,9,10,11,12,13,14/1,14/2,15/2,16/1,16/2,17, 18/1,20;
Ш.Берсиев көшесі – 1,2,3,4/2,5,6,7,9,11;
Кеңес көшесі – 1/1,2,4,6,7,8,9,10,11,12,14,16,17,19,21,23,25/1,25/2,27;
Қайыңды көшесі – 1,3,4/1,4/2,5/1,5/2,6/1,6/2,7,9/1,9/2,10,11/1,11/2,12,13,15,17/1,17/2,19,21, 23,25,27,29,31/1,31/2,20/1,20/2,22/1,22/2,37,24/1,24/2,39,26,41,28,43,45,47,49,51;
Мектеп көшесі – 1,3,5,6,7,17,19;
Жастар көшесі – 1/1,1/2,2,3,5,6,7,8,12,14.

**№ 413 сайлау учаскесі**
**Көсембай ауылы, Орталық көшесі, 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 74-1-42**

Ынтымақ көшесі – 1,1 «а»,3/1,3/2,3/3,3/4,5/1,5/2,7,9,11,13,15/1,15/2,17/3,19,21,23,25,27,29,33/1,33/2;
Орталық көшесі – 1 «а»,1/1,1/2,2,2 «а»,3/1,3/2,4,5,7,8/1,8/2,9,11,13/1,13/2,15,17;
Бұлақ көшесі – 1, 2, 2 «а», 3, 4, 5 ,5 «а», 6, 7, 7 «а», 8, 8 «а», 9, 10, 11, 12 «а», 13, 14, 14 «а», 15, 16, 17, 17 «а», 18, 19, 20, 21, 22, 22 «а», 23, 24, 25/1, 25/2, 25/3, 26, 27, 28, 29.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1601 дана. Тапсырыс №1355
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# ӘКЕГЕ ҚҰРМЕТТІҢ БҮГІНГІ ҮЛГІСІ

Соңғы жылдардың бедеріне көз жүгіртсек, ауданымызда Ұлы Отан соғысының ардагері Қожас Қарабалиевті еске алуға арналған волейболдан бірнеше рет аудандық, аймақтық турнирлер өткізілді. Әке рухына тағзым етіп, бұл іске ұйытқы болып жүрген баласы Рақым Қарабалиев екенін ойылдықтар да жақсы біледі. Спорттық доданың өткізілуіне кететін шығынды айтпағанда, жүлделі орындарға қаржылай сыйлықтар, одан бөлек спорттық формалар, доптар сынды заттарды өперіп ғана қоймай, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға өзіндік үлесін қосып келеді.

Биыл Қожас Бақиұлының дүниеге келгеніне 100 жыл толды. Рақым ағамыз мұны ескерусіз қалдырғысы келмеді. Алайда, елімізде коронавирус пандемиясына байланысты дүркіретіп дода өткізе алмағанымен, аудандағы ақсақалдармен ақылдаса келе тағы бір іске мұрындық болды. Әкесінің 100 жылдығына арналған бір миллион теңге көлеміндегі қаржыға садақалық ас дәмін әзірлеп, 100 отбасыға таратып берді. Мұндай игі іс біздің өңірде алғаш рет өткізілді. Себебі, коронавирустың екінші толқыны біліне бастаған тұста осындай іске арқау болған Рақым Қожасұлының ісі көпке өнеге.

Қожас Қарабалиев 1920 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Аққозы ауылында дүниеге келген. Отбасының мал-мүлкі тәркіленіп, ата-анасы қайтыс болғаннан кейін жақын туыстарына сағалап, одан соң Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы балалар үйіне тәрбиеленуге жіберілген. 1940 жылы Ойыл ауданы, Ойыл мектебін бітірген. 1940 жылдан 1946 жылға дейін Кеңес Әскері қатарында қызмет етіп, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Алғаш қызметін 1940 жылы Ресейдің Приморье өлкесінің Хабаровск өңірінде бастаған. 1942 жылы РФ Владимир әскери училищесін бітірген. Совет Армиясының офицері. 1942 жылдан бастап Ресей Федерациясының Кострома облысында орналасқан арнайы мақсатты әуе-десанттық әскер взводының командирі болды. 1942-1944 жылдары КСРО-ның азат етілген аумағы бойынша ерекше әскери операцияларға қатысқан. 1944-1946 жылдары алдымен азат етуіне одан кейін Европаның шет елдеріндегі бейбіт режим бойынша әскери операцияларға қатысты. (Румыния, Чехославакия, Венгрия, Австрия). Гвардия аға лейтенанты Қ.Б.Карабалиев II дәрежелі «Отан» соғысы ордерімен және ҰОС жауынгерлік сіңірген еңбегі үшін мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1946-1949 жылдары Ойыл аудандық ОСОВИАХИМ кеңесінің төрағасы болды. 1949-1972 жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Ойыл ауданының жалпы білім беретін мектептерінде дене шынықтыру және тарих пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 1952-1955 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы Н.Байғанин атындағы мұғалімдер институтында тарих мамандығы бойынша тәмамдаған. Үлкен тәжірибесі бар КОКП мүшесі болды. 1977 жылы Ақтөбе қаласындағы әскери операциялардан алған жарақаты салдарынан ұзақ уақыт науқастанып өмірден өтті.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.**

# ТҮНДЕ СУҒА БАРМА

Жынның басшысы Самандун Сүлейменге мың жүйрік тұлпар ұстап беріпті. Сүлеймен оның қызметіне риза болып:

– Не сұрайсың? – дейді.

*Самандун:*

– Өзен-көлді ежелден мекен етуші едік. Оны бізден тартып алып, оны адам ұрпағына бердің. Бізге мекенімізді қайтар! – деп сұрайды.

**Сүлеймен:**

– Дегенің болсын. Бірақ түнде пайдаланасың. Күндіз адам баласының игілігінде, – дейді. Содан жын-жыбыр түнде өзен-көлді аралап, сайран құрады екен. Бір күні бір жігіт үйінде ішерге суы болмай, түнде өзенге барады. Барса, жындар су бермейді. Жігіт Сүлейменнің сарайына барып, болған жайды айтып береді. Сүлеймен жігітке бір дұға жазып береді де, Самандунға сәлем айтады:

– Суға барғанда мынаны оқы, Самандуннің есіне сал, – дейді. Жігіт суға барып дұғаны оқиды. Дұғасы мынадай екен:

«Су иесі – Сүлеймен, су алуға рұқсат ет». Оны естігенде Самандуннің барлық жынға:

– Бұл жердің шын егесі – Сүлеймен патша. Су беріңдер, – дейді. Содан бастап адамдар түнде су алғысы келсе: «Су иесі – Сүлеймен, су алуға рұқсат ет», – деп сұрайды екен.

Қазақ арасында «түнде суға барма, суға түспе» деген ырым осыдан қалыпты.



# САПАЛЫ БІЛІМ, ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІ ОЙЫЛ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЖАТАҚХАНА ЖҮЙЕСІМЕН ТАНЫСТЫ.**



Студенттердің сапалы білім алуымен қатар жылы, жайлы орында орналасуы аса маңызды. Бүгінде жатақханада елімізде орын алған карантин шараларына байланысты студенттердің біраз бөлігі үйлерінде. Ал қалған бөлігі жатақханада қоныстанған. Яғни, интернет байланысы әлсіз, шалғай ауыл аймақтардан келген студенттер жайлы жатақханадан орын алып, оқуларын жалғастыруда. Оқу ғимараты да жатақханадан қашық емес, бар болғаны таяқ тастам жерде орналасқан десе де болады. Бұл дегеніміз - студенттердің уақытты тиімді пайдалана отырып, жүйелі білім алуына қолайлы жағдай туғызып отыр. Ғимараттың іші-сырты толықтай жөндеуден өткендіктен де кірер есіктен бастап таза, жинақылығымен көзге түсті. Осыдан-ақ қылышын сүйретіп келе жатқан қысқа сақадай-сай екендігін аңғаруға болады. Себебі студенттер жылу жақсы жұмыс жасап тұрғанына дән риза. Жатақхана қызметкерлерінің айтуынша, жайлы жатақханада жайлы өмір сүріп жатқан студенттер бір үйдің баласындай, осы уақытқа дейін арада келіспеушіліктердің орын алмағандығын айтады.

**Венера АСҚАРҚЫЗЫ,**
**Ойыл селосы.**

# «ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ» ЕЛДІҢ МҮДДЕСІ ҮШІН

**«Қараңғы қазақ көгіне,**
**Өрмелеп шығып күн болам.**
**Қараңғылықтың көгіне,**
**Күн болмағанда кім болам», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлап кеткендей қазақ ұлтының бүгінгі жастарының бойынан қайсарлықтың лебі еседі. Олай дейтін себебіміз, ел үшін емірене, биік белеске ұмтылатын жастарымыздың болашаққа қадамы қуантады. Жас та болса, жастардың басын біріктіріп, олармен бірлесе қызмет етіп жүрген жандардың бірі Мейрамбек Музамелұлы. Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарып жүр. Ендеше ауданымызда Жастар саясатының қарқынды жүзеге асуына атсалысып жүрген Мейрамбекпен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.**



*- Жастар ресурстық орталығы туралы тоқталып өтсеңіз. Жалпы орталықтың басты мақсаты қандай?*

- 2014 жылдан бастап аудандық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтары ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты – жастардың азаматтық бастамаларын, рухани-адамгершілік, зияткерлік, шығармашылық және дене күш-қуатының әлеуетін дамыту, қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, аудандағы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Мақсатты топ 14-29 жас аралығындағы жастар. Ойыл ауданында аудандық статистика басқармасының мәліметіне сәйкес, бүгінгі күні аудандағы жастар саны (14-29 жас аралығы) 5143 адамды немесе аудан тұрғындарының 31% құрайды. Олардың 1746 аудан (28%), орталығының жастары болса, 3618 (72%) ауыл жастары құрап отыр. 2020 Еріктілер жылы болып жарияланған-нан бастап Республика бойынша еріктілердің базасы жасақталды. Сол базаға Ойыл ауданынан 200-ге жуық еріктілер тіркелген болатын. Сонымен қатар, Ойыл аграрлық колледжі, аудан орталығындағы білім беру ұйымдарында, аудандық орталық аурухана мен Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебінде барлығы 7 жастар ісі жөніндегі комитеттер жұмыс жасайды. Сондай – ақ, 2020 еріктілер жылына орай аудан бойынша 8 еріктілер тобы құрылса, «РАҚЫМ» қайырымдылық қоры тұрақты жұмыс жасайды.

*- Соңғы жылдары ауданымызда кәсіпкер жастардың қатары көбейіп келеді. Алайда, жаңадан кәсіппен айналысқысы келетін жұмыссыз жастарға қандай қолдау-көмек бар?*

- Жастарды қоғам сұранысына сәйкес кәсіпке баулу өте маңызды. Бизнеспен айналысам деушілерге қолайлы жағдайлар жасалған. Сондай-ақ, 2018 жылы Дүниежүзілік банкі қолдауымен осал топтағы жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Zhas Project» жобасы жақсы нәтиже берді. Жоба аясында әрқайсысы 1 млн теңгеге барлығы 11 млн теңгеге 11 әлеуметтік жастың жобасы қаржыландырып, жалпы 34 жасқа 40 - 60,0 мың көлемінде 6 ай бойы арнайы шәкіртақы төленді. Қазіргі таңда 7 жоба өз жұмыстарын жалғастырып жатыр.

2019 жылы ауданда «Жас кәсіпкер» жобасы жүзеге асырылды. Жобаға аудандағы өзін-өзі қамтыған санаттағы 47 адам қатысты. Оның ішінде, 47 жас 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 505 мың теңгеден қайтарымсыз грант берілді. 2020 жылы жаңа бизнес идеялар жүзеге асыру үшін 39 адамға 200 АЕК көлемінде 21,0 млн теңгеге мемлекеттік гранттар беру жоспарланып, қазіргі күні 43 адамға мемлекеттік гранттар берілді.

*- Жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту жөнінде не айтар едіңіз?*

- Мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жастардың жұмыспен қамтылу көрсеткіші маңызды рөлге ие. Осы бағытта ауданымызда жастарды жұмыспен қамтуды мақсат ететін «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Гүлдене бер, туған ел!» марафон эстафетасы» сынды жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. 2020 жыл басынан бері аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы «Жастар тәжірибесіне» 118 жұмыссыз жас түлек жіберілді. Әлеуметтік жұмыс орындарына 16-29 жас аралығындағы жастар 35 адам құрайды. Кәсіптік оқуға – 35 жас тартылды.

Жыл басынан бері 33 маманға жалпы соммасы 8748,3 мың теңге көтерме жәрдемақы берілді. (әр маманға 265 100 теңгеден) Оның ішінде, 18 маман білім (4771,8 мың), 11 маман денсаулық (2916,1 мың), 2 маман АПК (530,2 мың), 2 маман спорт (530,2 мың) саласының мамандары. 25 маманға жалпы соммасы 97391,0 мың теңге тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие берілді. Оның ішінде, 13 маман білім (49 млн 962,9 мың), 9 маман денсаулық (35 млн 498,6,6 мың), 2 маман АПК (7 млн 953,0 мың), 1 маман спорт (3 млн 976,5 мың) саласының мамандары. Сонымен қатар, жастарды жұмыспен қамтуды мақсат ететін «Жасыл ел», «Гүлдене бер, туған ел!» жобасы ауданымызда әр жыл сайын 340 жас жұмыс қамтылып отыр. 2020 жыл басынан 300 жас жұмыспен қамтылып, бүгінгі таңда жастарымыз қоршаған ортаның тазалығына өз септіктерін тигізуде. Сонымен қатар, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы арқылы Ойыл орман шаруашылығында 40 жас «Қазақылықтың Атамекені» қоғамдық қорына 26 жас «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жұмысқа орналасты.

*- Мемлекетімізде жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында баспанамен қамтамасыз ету мәселесі қаралған. Жастардың тұрғын үймен қамтылуы біздің ауданда қаншалықты жүзеге асуда?*

- Жастарды, жас отбасылар қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі күнінің кезек күттірмейтін талабы. Осы мақсатта ауданда былтыр басталған құны 71. млн теңгені құрайтын 2 пәтерлі 6 тұрғын үй құрылысы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, екі қабатты 8 пәтер және бір пәтерлі 14 тұрғын үйдің құрылысын жасақтау үшін жобалау сметалық құжаттарына облыстан 7 млн қаражатқа сұраныс берілді. Осы жобалаларымыз жүзеге асатын болса, заң талаптарын сақтай отырып, мүмкіндігінше жас отбасыларға қолдау көрсетеміз. Осы орайда, жыл басынан бері 2 жасымызға тұрғын үйдің кілті табысталды. Қазіргі таңда 29 жасқа дейінгі 41 жас пен жас отбасылар тұрғын үй кезегінде тұр.

*- Жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында атқарылған жұмыс барысына тоқталып өтсеңіз.*

- 2020 еріктілер жылына орай Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының жылдық жұмыс жоспары жасақталып, қазіргі таңда 7 жалпыұлттық жобаны аясында іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.

Қай салада жұмыс жасаса да қайырымдылыққа мойынын бұрып тұратын жастар, бір күнде Еріктілер жылының 7 жалпы Ұлттық жобасы аясында іс-шаралар өткізді. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың 16 қаңтар күні Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары 2020 Еріктілер жылына орай жүзеге асып жатқан 7 жалпы Ұлттық жобасының «Үміт» жобасы бойынша Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай отандастарымыздың ерлігін баяндайтын құжаттарды іздестіру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ерікті жастары «Білім» жобасы бойынша тұрғындарға ағылшын тілін үйрету жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда «Достық» жастар комитетінің мүшесі Айнаш Дінжанова «Зерде» оқу орталығын ашып, 1-11 класс аралығындағы оқушыларға ағылшын тілін үйрету жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен қатар, Ойыл аудандық орталық ауруханасының ерікті жастары «Саулық» жобасы бойынша аудан орталығындағы қарттармыздың үйлерін аралап, медициналық көмек көрсетті және «Қамқор» жобасы бойынша Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы мен «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен жалғыз басты Несіпбай атаның үйіне «Ардагерлерді ардақтайық!» қайырымдылық акциясын ұйымдастырса, Ойыл аграрлық колледжінің ерікті жастары «Асыл мұра» жобасы бойынша аудан орталығындағы Шығанақ Берсиев атамыздың ескеркішінің алдына тазалық жұмыстарын жүргізді.

2020 жылы Еріктілер жылына орай Ақтөбе облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен әр ауданға 7 жалпы ұлттық жобасының бір бағыты бекітіліп берілді. Ойыл ауданына «Қамқор» бағыты бекітілген болатын. Осы орайда Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Қамқор» жобасы аясында аудан орталығындағы жалғыз басты қарттарға үнемі қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып келеді. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың 23 қаңтары күні Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы мен «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен жалғыз басты Несіпбай атаның үйіне «Қамқор» бағыты аясында «Ардагерлерді ардақтайық» қайырымдылық акциясын жүргізді. 25 қаңтар күні Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жалғыз басты қария Е. Браташованың үйін тазалап көмек көрсетті. 31 қаңтар күні Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен және «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының «Жас Отан» жастар қанаты қоғамдық бірлестігімен бірлесе жалғыз басты қария Сәуле апамыздың үйіне қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

2020 Волонтер жылына орай және Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының 2020 жылдық жұмыс жоспарына сәйкес Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Қамқор» жобасы аясында Жолдығали Сатығалиев атаның үйіне «Жылы жүрек – жомарт қол» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Сонымен қатар бұндай қамқорлық акциялар Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының тапсырмасына сәйкес барлық ауылдық округтерде үнемі ұйымдастырылып отырады. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен «Nur Otan» партиясының қолдауымен қазіргі таңда барлық өңірлерде «Біз біргеміз!» акциясы жүзеге асып жатыр. Бұл акцияға Ойыл ауданының еріктілері де өз үлестерін қосуда. Акция аясында еріктілер Кәмшат Тнеева апамыздың үйіне әлеуметтік пакеттерді аппарып, қайырымдылық көрсетті. Елімізде төтенше жағдай жарияланғаннан бері аудан жастар қандай шара болмасын белсенділік танытуда. Аудандық жастар ресурстық орталығының жастары және волонтерлар аудан орталығында орналасқан блок-бекетте тұрған азаматтарға өз қолдарымен ас-дәм әзірлеп, жастардың атынан ел қауіпсіздігі үшін тыңбай еңбектеніп жатқандарына рақмет айтып, алғыстарын жеткізді. Сонымен қатар, Сарбие ауылдық округінің тұрғыны, жас кәсіпкер Құрманбек Тілеуғалиев «Қамқор» аясында 5 аз қамтылған отбасына азық – түлік алып беріп қайырымдылық көрсетті. Жалпы жыл басынан бері «Қамқор» жобасы аясында 68 акция ұйымдастырылды.





*- Жалынды жастармен бірлесе атқарып жатқан қызметіңізге сәттілік тілеймін. Ел сенімін ақтайтын белсенді жастарымыз көп болсын.*

*Сұхбатыңызға рақмет.*

**Сұхбаттасқан:**
**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.**

# ҚИЯЛЫМ ДА КЕТТІ ІЛЕСІП ҚҰСПЕНЕН

Тағы жаздым, келте көйлек
күз күнін,
Күздің мұңы - жанға дәру, ізгі мұң.
Сенгендіктен, беріп қойдым
алаңсыз,

Шағала құс - қиялымның тізгінін.
Бір тындырмай, ойдағыны іспенен,
Жыл он екі ай үстінен бір түспеп ем.
Жалыққаны - ау, мені
жерге қалдырып,
Қиялым да кетті ілесіп құспенен.

Көңіл шіркін сұлулыққа құштар да,
Көп қарадым, көш - керуен құстарға.
Қанаттардың мінсіз ырғақ қағысы-
Жүректердің лүпіліне ұқсас да.

Табиғаттық жарасымнан
күш алам ...
Бірі - көкте, бірі - жерде
құс , адам.
Қанат- қалам бір - біріне қош айтып,
Көкжиекке сіңіп кетті нысанам.
Құстарым- ау, бәрің маған
бауырсың,
Жолдарыңда жолықпасын
ауыр сын.
Жыр жазайын сендер
ертең келгенше,
Тастап кетші, жаңа қалам -
қауырсын.

**Нұрлыбек ҚАЛАУОВ,**
**Ақтөбе қаласы.**

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«20» қазан 2020 жыл № 56 Ойыл селосы

**Аудандық мәслихаттың**
**кезектен тыс елу үшінші сессиясын**
**шақыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына және аудан әкімінің 2020 жылғы 16 қазандағы №01-05/1754 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс елу үшінші сессиясы 2020 жылдың 27 қазаны күні сағат 11.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

*Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:*

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №361 «2020-2022 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Хабарламашы: Қ.Ж.Ұлықпанов - аудандық экономика және *бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы*

2. Басқа да мәселелер

**Аудандық мәслихаттың**
**сессия төрағасы:** **Б.Е.Жұмырбаев**

# ЕСКЕ АЛУ

*Ойыл ауданынының құрметтI азаматы, Құрманов атындағы совхоздың соңғы директоры, облыстық маслихаттың депутаты болган, Көптогай ауылының тұргыны* СЕЙСЕН БЕРДЕМБАЕҚА!
1952ж-2019ж



Өткенмен ерте өмірден,
Кеткен де жоқсың көңілден.
Еске алғанда өзіңді,
Қабырғам менің сөгілген,
Көзден де жасым төгілген...
Іргесінде ауылдың,
Кесенең тұр ғой күмбезді,
Ақ таспенен өрілген.
Жолаушыға жол бойы,
Сонадайдан көрінген.
Бессары Таздың данасы,
Оразғали баласы.
Жатқан да жері жарық боп,
Нұрын шашып тұргандай,
Көптоғайдан карашы...
Жас береді Жасаған,
Тәңірімнен кімдер аса алған.
Ескерткіш болып өткеннен
Қара тасқа бейнең мен,
Есімің ғана қашалған...
Елеулі еңбек еттің ғой,
Алғысын алдың көптің ғой.
Талай бір ауыр сынақтан,
Көптоғайдың халқымен,
Сүрінбей Сейсен өттің ғой.
Алладан бүгін тіледім:
Басыңда жансын шырағың,
Астыңда болсын пырағың,
Жаныңнан ақсын бұлағың,
Жаннат жер болсын тұрағың.
Ел-халқыңа жақсылық,
Ойлай жат, Сейсен шырағым!
*Қуаныш КЕНЖЕҒАЛИЕВ, Қазақстан республикасы*
*Журналистер Одагының мүшесі.*

Аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы және Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы мектеп-гимназияның қызметкері Берік Базаровқа әкесі

**Нұрсұлтанның**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы және Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы мектебіміздің мұғалімі Ерік Базаровқа әкесі

**Нұрсұлтанның**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.